

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JPQS5670>

## **А. Қ. Қопаева**

Торайгыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.,

### **КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҚАЛЖЫҢДАР ЖӘНЕ ТІЛДІК ОРАЛЫМДАР: ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТ**

*Мақалада тілдік оралым мен қалжыңның лингвомәдени аспектідегі байланысы қарастырылды. Қалжың мәтініне тән ерекшеліктер, яғни мәтінің астарлы мағынасы мен эмоционалдық мазмұны, мәдени код пен стереотиптер зерттелді. Себебі осы құбылыстар қалжың мәтінінің ерекше лингвориторикалық (сөйлеу әрекетіндегі түрлі сөйлеу мәнерінің ережелері мен нормаларын анықтайтын) мазмұның құрайды. Тілдік оралымдарды сөйлеу әрекетіндегі лингвокреативті қабілеті тұрғысынан анықтау үшін, тілдік жүйенің түрлі мүмкіндіктерін қолдану үстінде тілдік нормалар арнайы бұрмаланып, белгілі бір нақты сөйлеу мәнмәтіндегі тілдік белгіні қабылдаудың образдық мәнмәтіні тілдік нормамен байланыстырылады. Көркем мәтіннің семантикалық құрылымындағы тілдік оралымдар сөз қолдану тұрғысынан нормадан ауытқу нәтижесінде өз ойын білдірудің ерекше формасы ретінде импликационалға бағытталып, қалжың көркем мәтінде дискурсивті түрде сипатталады. Тілдік оралымдар – ерекше мәдени ой-пікірді жеткізу қабілетіне ие метатіл. Көркем мәтіндегі қалжың жеке авторлық дүниетанымның маңызды құрам бөлігі болып, лингвомәдени аспекті тұрғысынан талдау жасауға мүмкіндік беретін ұлттық ерекшелік. Қалжың субъектісінің ұстанымы өзіне тән ерекшелікпен беріліп, қабылданады. Қалжың – кез келген лингвомәдениеттің ажырамас бөлігі, сол себепті бұл категорияны жеке тілдік тұлғаны танытуда және жалпы әлеуметтің коммуникативтік білімінің өзінде ерекше тезаурусы ретінде зерттеу қазіргі кезде көкейкесті.*

*Кілтті сөздер: қалжың, тілдік оралым, юмор дискурсы, лингвомәдениет, мәдени код, этностереотип.*

## **Кіріспе**

Лингвистиканың зерттеу нысаны – мәтіннің фонологиялық, морфемдік, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік сияқты тілдік қасиеттері, сондай-ақ зерттеудің жеке объектісі (семантика, қызметтік стилистика, прагматика) ретіндегі мәтін. Қазіргі кезеңде лингвистикалық парадигма ілімінің дамуы екі басты – когнитивті және коммуникативті (прагматикалық) – парадигманы біріктіреді.

Көркем мәтінде «трагедия, комикалық, зұлымдық және т.б.» категория ретінде берілген ақиқат объектісіне деген автордың эстетикалық қатынасы эстетиканың зерттеу нысаны болып табылады. Осы реттегі комикалық категория көркем мәтінде көрсетілген эстетикалық идеалға, ақиқатқа сәйкес келмейтін автордың сыны мен қатынасының эмоционалдық түрі.

Комикалық категорияны зерттеу тарихы бірнеше мыңжылдық бұрын: антикалық философтар еңбектерінен басталып, қазіргі кезде эстетика, этнография, мәдениет тарихы, әлеуметтану ғылымдарының нысаны болып табылады. Бұл категорияның тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынастағы, өзге мәдениетті түсінудегі мәні заманауи филология ғылымында да үлкен қызығушылыққа себеп болды. Соңғы уақытта қазақ тіл білімінде комикалық категорияның қандай да бір аспектісін стилистика (Т. Қожакеев), лингвистика аясында (А. Салихова, Б. Мәуленова, А. Рахимова, Г. Ибраева, т.б.) зерттеуге арналған ғылыми жұмыстар аз емес.

## **Материалдар мен әдістер**

Ізденіс барысында материалды жинақтау, жүйелеу, саралау, сипаттама беру, бақылаудың жалпы ғылыми әдістері, сонымен қатар лингвокогнитивті және лингво мәдени талдау жұмыстары жасалды.

## **Нәтижелер мен талқылау**

Мәтінге тек тілдік бірлік ретінде сипаттама беру – бұл кез келген мәтіннің тілдік материал негізіндегі жүйелі сипаттамасы ғана, мәтіннің жеке зерттеу объектісі ретіндегі лингвистикалық сипаттамасы емес.

Лингвистикада комикалық категорияны «юмор», «ирония», «әзіл», өткір тілді сөздер, тілдік оралымдар терминдері арқылы анықтаған жөн.

Тілдік оралымдар бағытталу критерийі бойынша тілдік нормадан ауытқудың басқа да түрлерінен жекелейтін қалжың мен сөз тапқыштықтың когнитивті тетігін іске қосатын түрлі тілдік құралдар жиынын білдіреді.

Юмор – триггерлер көмегімен қарама-қайшы қатынастағы скрипттер арасында қолданылатын лингвокогнитивті тетік. Бұл ретте лингвистика саласындағы скрипт дегеніміз белгілі бір ұлт санасында қалыптасқан дүниетаным, ал триггер – тілдік оралымдар ретінде жүзеге асырылатын семантикалық рекурсия. Юмористикалық мәтіннің қарым-қатынастағы мақсаты адресатты күлдіру. Юмористикалық мәтіндер аясындағы

тілдік оралымдар, негізінен лексикалық және грамматикалық деңгейде қолданылады [1, 86].

Юмор категориясының осындай түсінігі қазіргі заман лингвистикасының когнитивті-прагматикалық (коммуникативтік) парадигмаға: скрипт және триггер ұғымдары теорияның когнитивті аспектісіне, қарым-қатынас мақсатындағы ұғым прагматикалық аспектіге жауап береді.

Өткір тіл де – тілдік оралымдар ретінде қолданылатын лингвокогнитивті тетік, алайда юморға қарағанда скрипттер арасында қайшылық жоқ. Өткір тілді мәтіндерде бір скрипттің өзгеруі немесе екі скрипттің өзара әрекеттесуі мүмкін. Мұндай мәтіндердің коммуникативтік мақсаты – «объектігі баға беру не орын алып жатқан іс-әрекетті сипаттау және өзінің тілдік құзыретін көрсету», тілдік орылымдар, негізінен, морфемдік деңгейде іске асырылады.

Ирония – интонация, мәнмәтін арқылы айтылған бірдей сөздің оң және теріс бағасы арасында қолданылатын семантикалық механизм. Ирония сөздердің коммуникативтік мақсаты жалпы алғанда «адресаттың сенімін жою» болып беріледі. Теріс баға берудің жасырын сипаттамасы иронияны астарлы тілдік агрессия деп көрсетуге мүмкіндік береді.

Мұндай бастапқы юмористикалық, ирониялық және өткір тілді мәтіндер мен номинациялар әдеби комикалық жанрлар: түрлі көлемдегі сатиралық, юморлық және ирониялық проза мен лирика құрамында қолданыла алады.

Тілдік агрессия – белгілі бір сөйлеу жағдаятында қолдануға келмейтін теріс қылықтың, сезімнің не эмоцияның сөзбен айтылуы. Бұл типтесмәтіндердің коммуникативтік мақсаты – «адресатқа зиян келтіру», «дискредитация», яғни кесміту. Тілдік деңгейіне қатысты алсақ, теріс-бағалау семантикасы айқын көрінген сөздермен сипатталады. Құрамында тілдік агрессия бар мәтіндерде скрипттерге басшылық жасалмайды [2, 6].

Мәдениеттің объектісі ретіндегі мәтіннің когнитивті және прагматикалық әлеуетіне деген қызығушылық гуманитарлық ғылым үшін тән, ғылыми және практикалық міндеттерімен болмыс пен сананың қарама-қайшылығы мәдени үдерісте басты рөл атқаруды тоқтатып, мәтіннің бастапқылық идеясының басымдылығын арттырады. Осыған орай мәтін мен ақиқат арасындағы шекараны табу мәселесі ерекше өзектілікке ие болады.

Постмодернизм мұндай шекараларды айқындаудың түбегейлі әдісін ұсынады, мәтін – ақиқат, әрине, шындық болып көрінетіннің барлығы мәтін болып табылады, бұл – гуманитарлық ғылыми парадигма төңірегінде жаңа зерттеулерге негіз болады [3, 17]. Ақиқат тілден (мәтіннен) тыс бола алмайды, дұрыс бағыт алу үшін мәтінді қабылдап, белгілі бір ақпаратпен жұмыс жасай білу керек. Сол себепті мәтін дүниетанымның әдіснамалық негізіне айналып, мәдени кодтар мен лингвомәдени құзыреттер қабылданатын фактілерді іріктеуді жүргізетін реттеуші тетік ретінде қызмет етеді.

Бүгінгі лингвистика саласында иронияның жалпы қабылданған анықтамасы, сондай-ақ оның тілдік оралымдармен диалектикалық байланысының сипаттамасы берілмеген, бұл ғылыми парадигма үшін маңызды бірқатар тұжырымдамалардың пайда болуының шарты [4, 7]. Иронияны тек әлемнің ұлттық бейнесін анықтайтын лингвистикалық құбылыс ретінде қабылданбауы керек. Осы тұрғыдағы зерттеулер тілдік тұлға теориясының тұжырымдарына, сонымен бірге интермәтіндік, прецеденттілік және метамәтін теориясына сүйену қажеттілігін тудырады. Қазіргі тіл білімі түрлі көзқарас тұрғысынан: белгі мен мағына қайшылығы ретінде [5, 10], диалогтік импликатура ретінде иронияға тәне құралдар болмаған кездегі мәтін мен дискурстағы эстетикалық маркер ретінде қарастырады.

Ізденіс жұмысымыздың мақсаты иронияның көп деңгейлі құбылыс ретіндегі ерекшелігі арқылы, сонымен қатар тілдік оралым мен иронияның өзара байланыстары арқылы анықталады. Демек көркем мәтіндегі иронияны жүзеге асырудың лингвомәдени ерекшелігін анықтайтын факторлар мен жағдайларды анықтап, сипаттау керек. Алынған ғылыми нәтижелерді толық негіздей отырып, зерттеудің негізгі материалын ұсыну қажет. Көркем мәтін сыртқы әлемді жанама түрде бейнелейтіндіктен, бұл оның анықтамалығының ерекшелігін: авторлық сана нақты оқиғаның шындығына қарамастан суреттелетінін негіздейді. Көркем мәтіндегі тіл арқылы ұсынылған идеяларды, кейіпкерлерді, фактілерді тек тіл арқылы түсінуге болады. Өнердің когнитивті-ақпараттық жүйе ретіндегі ерекшелігі көркем мәтіннің екіұштылығын – объективті әрі субъективті стиль бірліген қалыптастыратын модельдеу және символдық қырларын – анықтайды. Сөйтіп, постмодерндік көркем мәтіндер жалпы фантастика мен шындықты жеткізуге, олардың арасындағы шекараны көмескілендіруге негізделген әртүрлі әдістерді жүзеге асыру тілдік оралымдар құбылысын зерттеуге деген қызығушылықты анықтайды. Лингвокреативті әрекет тілдік стереотиптің (стандарт, норманың) және сөйлеу әрекеті кезінде жасалған ауытқулардан пайда болады.

Тілдік оралым тілдік нормадан арнайы ауытқу салдарынан тілдік жүйенің әртүрлі деңгейлерінің мүмкіндіктерін пайдалану тұрғысынан тілдік тұлғаның лингвокреативтілік әлеуетін анықтауға негізделген сөйлеу құлқы тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Тілдік символды қолдануда іске асырылатын тенденциялардың өзара қиылысуы сөйлеу бірліктерін қабылдаудың ассоциативті мәнмәтін құрастыруға мүмкіндік береді. Сөздердің ерекше «ойыны» ретінде көркем мәтіндегі тілдік оралымдар оның импликационалына (қосымша мағынасы не эмоционалдық мазмұнына) жетуді көздейді [5, 23].

Тілдік оралымдар негізін сөз қолдану тұрғысынан нормативтен ауытқу нәтижесінде ақпарат ұсынудың ерекше түрін жасауға болады. Көркем мәтін

авторының идеялары, «жалпы жүйеге және идеялар жиынтығына, яғни оның идеологиялық құрылым ретіндегі дүниетанымына қатысты, бұл ретте мәтіннен тыс қатынастар «белгілі бір деңгейдің құрылымдық элементтері ретінде көркем шығарма негізіне енгізіледі» [5, 23].

Көркем мәтін табиғатын түсінудің бұл қыры метамәтін табиғаты мен ерекшелігін зерттеуде қазіргі лингвистикалық парадигма маңыздылығын арттырады, өйткені метамәтін әлеуеті кез келген мәтінге тән. Синкретикалық тілдік құралдарды өзектендіре отырып, мәтін автордың сөйлеу рефлексиясын, сөйлеу мінез-құлқына қатысты көрсетіп, ауызша факторлар әсерінен қалыптасады.

Сөйлеуші өз мәтінімен байланыста болғандықтан, мәтіннің коммуникативтілігі оның басты белгілерінің бірін білдіреді. Метамәтін экспликациясы (бейнелі ауыстыру, аудару) қызметтік құралдардың көп деңгейлі жүйесі арқылы ұйымдастырылып, вербалды (ауызша) маркерлер белгілі бір тілдік деңгейге жататындығына байланысты әртүрлі дәрежедегі метамәтіннің элементтерін бейнелейді. Тілдік оралымдар мәдени топстардың маңызды сипаттамаларын жүзеге асыруға мүмкіндігі бар метатілге айналады. Тілдік оралымның метатілдік табиғаты көркем мәтіндерге тән «тілдік ойын», әсіресе ирониялық парадигма аясында беріледі. Заманауи мәдениетте басты орын алатын ирония, тілдік оралымдар мәтіннің интермәтіндік тереңдігін белгілей отырып, оның танымдық әлеуетін көрсетеді, сөйтіп лингвомәдени ерекшелігі бар прецеденттік білім негізінде ортақ құбылыс ретінде тұжырымдауға мүмкіндік береді. Айтылған және болжанған ой арасындағы қайшылық неғұрлым терең болса, ирония да соғұрлым күшті болады. Осыған орай мәтінде көрсетілген жасырын ақпараттың кешенді сипаты субмәтінді анықтайды. Имплицитті (көмескі) ақпаратқа ие болғандықтан, мәтіндегі астарлы ойды толық жеткізу мүмкін емес. Тек оның семантикалық кеңістігін құрайтын мәтіндегі мәтін астарындағы қалжыңдық иронияны қабылдай отырып қана, мәтіннің белгілі бір жасырын элементін декодтауға мүмкіндік береді.

Тілдік және дискурсивті иронияны ажырату барысында мәнмәтін ерекше рөл атқарады. Тілдің қазіргі жағдайын ескере отырып, минималды мәнмәтін немесе мәнмәтіннің мүлдем болмауы тілдік иронияға тән қасиет.

### **Қорытындылар**

Қорытындылай келе, мынаны айтуға болады: бірлескен когнитивті нейролингвистика біртұтас, әдіснамалық тұрғыдан байланысты ғылымды білдірмейді, керісінше, әрқайсысы өз бағытында дамитын біршама әлсіз өзара әрекеттесетін тәсілдер. Біздің көзқарасымыз бойынша, когнитивтік нейролингвистиканың әдіснамасын дамытуға белсенді көзқарас қазіргі

уақытта ең өзекті болып табылады, өйткені ол бірлескен қоғамның сын-көзқарастарына жауап беретін зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді

Қалжың ирония берілген көркем мәтіннің семантикалық кеңістігі тілдік тұлға әлемінің жеке авторлық бейнесін ашық көрсетеді. Әлем бейнесі ақиқаттың идеалдарға сәйкес келмейді де, жеке авторлық бейнесінің семантикалық доминанты жалпы ұлттық құндылықтарға негізделеді. Автордың жеке әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері қалжыңдық иронияның объектісі мен тәсілдерін таңдап, мәтіннің лингвориторикалық сценарийін құруды анықтайды. Көркем мәтіндегі тілдік оралымдар мен қалжың ирония жасауда автордың белгілі бір лингвомәдениетке жататындығын көрсететін тілдік көрсеткіштер маңызды рөл атқарады.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 **Наер, В. Л.** Продукционные стратегии текстовой реализации категории комического / В. Л. Наер // Стратегические стратегии текстообразования. – 1992. – Вып. 339. – С. 86–94.

2 **Карасик, В. И.** О типах дискурса / В. И. Карасик // Языковая личность : институциональный и персональный дискурс : Сб. науч. тр. – Волгоград, 2000. – С. 5–20.

3 **Харт, К.** Постмодернизм / К. Харт. – Пер. с англ. К. Ткаченко. – М. : ФАИР-ПРЕСС, 2006. – 272 с.

4 **Бирюкова, Е. О.** Языковая личность в контексте языковой игры (на материале российских ток-шоу): автореф. дис. ... канд. филолог. наук / Е.О. Бирюкова. – Вологда, 2012. – 23 с.

5 **Слышкин, Г. Г.** От текста к символу: лингвокультурные концепты прецедентных текстов в сознании и дискурсе / Г. Г. Слышкин. – М. : Academia, 2000. – 128 с.

6 **Иванова, Л. П.** Лингвокультурологические аспекты комического (к постановке проблемы) / Л. П. Иванова // Логический анализ языка: языковые механизмы комизма / Российская акад. наук, Ин-т языкознания; отв. ред. Н. Д. Арутюнова. – М. : Индрик, 2007. – С. 560-569.

7 **Қожақеев, Т.** Сатира негіздері / Т. Қожақеев. – Алматы : Санат, 1996. – 464 б.

8 **Салихова, А.** Қазақ тіліндегі комика тудырудың тілдік табиғаты: филол. ғылым.канд... дисс. : 10.02.02. – Алматы, 2001. – 112 б.

9 **Мәуленова, Б.** Қазақ сатирасының тілі (лингвистикалық сипаттама): Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – қазақ тілі 10.02.02. – Астана, 2006. – 23 б.



10 **Ибраева, Г.** Сықақ жанрында қолданылатын тілдік амал-тәсілдер : Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – қазақ тілі 10.02.02. – Астана, 2010. – 25 б.

## References

1 **Naer, V. L.** Produkcionny`e strategii tekstovoj realizacii kategorii komicheskogo [Production strategies of the text implementation of the comic category] / V. L. Naer // Strategicheskie strategii tekstoobrazovaniya. – 1992. – Vy`p. 339. – P. 86 – 94.

2 **Karasik, V. I.** O tipax diskursa [About the types of discourse] / V. I. Karasik // Yazy`kovaya lichnost` : institucional`ny`j i personal`ny`j diskurs : Sb. nauch. tr. – Volgograd, 2000. – P. 5 – 20.

3 **Xart, K.** Postmodernizm [Postmodernizm] / K. Xart. – Per. s angl. K. Tkachenko. – Moscow : FAIR-PRESS, 2006. – 272 p.

4 **Biryukova, E. O.** Yazy`kovaya lichnost` v kontekste yazy`kovoj igry` (na materiale rossijskix tok-shou): avtoref. dis. ... kand. filolog. nauk [Language personality in the context of a language game (based on Russian talk shows) : abstract. dis. ... candidate of philology. sciences] / E. O. Biryukova. – Vologda, 2012. – 23 p.

5 **Sly`shkin, G. G.** Ot teksta k simvolu: lingvokul`turny`e koncepty` precedentny`x tekstov v soznanii i diskurse [From text to symbol: linguistic and cultural concepts of precedent texts in consciousness and discourse] / G. G. Sly`shkin. – Moscow : Academia, 2000. – 128 p.

6 **Ivanova, L. P.** Lingvokul`turologicheskie aspekty` komicheskogo (k postanovke problemy`) [Linguoculturological aspects of the comic (to the formulation of the problem)] / L. P. Ivanova // Logicheskij analiz yazy`ka: yazy`kovy`e mexanizmy` komizma / Rossijskaya akad. nauk, In-t yazy`koznaniya; otv. red. N. D. Arutyunova. – Moscow : Indrik, 2007. – P. 560-569.

7 **Qojakeev, T.** Satira negizderi / T. Qojakeev. – Almaty` : Sanat, 1996. – 464 p.

8 **Salixova, A.** Qazaq tilindegi komika tudyruyñ tıldık tabıǵaty: filol.ǵylym. kand... diss : 10.02.02. [The linguistic nature of the creation of comics in the Kazakh language: philol.science.kand... diss.: 10.02.02.] – Almaty`, 2001. – 112 p.

9 **Mäulenova, B.** Qazaq satirasynyñ tılı (lingvistikalıyq sipattama): Filologia ǵylymdarynyñ kandidatı ǵylymi дәреjesin alu üşin daiyndalǵan diss. avtoreferaty. – qazaq tılı 10.02.02. [The language of Kazakh satire (linguistic description) : diss prepared for the degree of candidate of Philological Sciences. abstract. - Kazakh language 10.02.02.] – Aстана, 2006. – 23 p.

10 **Ibraeva, G.** Syqaq janrynda qoldanylatyn tıldık amal-täsilder : filologia ǵylymdarynyñ kandidatı ǵylymi дәреjesin alu üşin daiyndalǵan diss. avtoreferaty. – qazaq tılı 10.02.02. [Language techniques used in the genre of comedy: diss prepared

for the degree of candidate of Philological Sciences. abstract. – Kazakh language 10.02.02.] – Astana, 2010. – 25 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*А. К. Конаева*

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

## **ЮМОР И ЯЗЫКОВЫЕ ОБОРОТЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ: ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ**

*В статье рассмотрена связь языковых оборотов и юмора в лингвокультурном аспекте. Были изучены характерные черты подтекста и эмоциональное содержание текста, культурный код и стереотипы. Поскольку эти явления составляют особое лингвориторическое содержание комического текста (определяющее правила и нормы разных стилей и речи в разных речевых ситуациях). Для определения языковых оборотов с точки зрения лингвокреативных способностей в речевой деятельности, при использовании различных возможностей языковой системы языковые нормы искажаются, а образный контекст восприятия языкового признака в конкретном речевом контексте соотносится с языковой нормой. Языковые репрезентации в семантической структуре художественного текста ориентируются на импликационность как особую форму самовырождения в результате отклонения от нормы с точки зрения словоупотребления и дискурсивно описываются в художественном тексте. Языковые обороты обладают способностью передавать особую мысль любой культуры. Юмор в художественном тексте является важной составной частью индивидуального авторского мировоззрения и является национальной особенностью, позволяющей анализировать лингвокультурологический аспект. Позиция субъекта юмора передается и воспринимается с присущей ему спецификой. Юмор – неотъемлемая часть любой лингвокультуры поэтому изучение этой категории в представлении отдельной языковой личности и коммуникативного знания социума в целом актуально и в настоящее время.*

*Ключевые слова: юмор, языковой оборот, юмористический дискурс, лингвокультура, культурный код, этностереотип.*

A. K. Kopyeva

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 12.12.22.

## **HUMOR AND LANGUAGE TURNS IN A LITERARY TEXT: LINGUISTIC AND CULTURAL ASPECT**

*The article discusses the relationship between language turns and humor in the linguistic and cultural aspect. The characteristic features of the subtext and the emotional content of the text, the cultural code and stereotypes were studied. Since these phenomena constitute a special linguistic content of the comic text (defining the rules and norms of different styles and speech in different speech situations). To determine language turns from the point of view of linguo-creative abilities in speech activity, when using various capabilities of the language system, language norms are distorted, and the figurative context of perception of a language feature in a specific speech context correlates with the language norm. Linguistic representations in the semantic structure of a literary text are guided by implicationality as a special form of self-expression as a result of deviation from the norm in terms of word usage and are discursively described in a literary text. A language game has the ability to convey a special thought of a culture. Humor in a literary text is an important component of an individual author's worldview and is a national feature that allows analyzing the linguistic and cultural aspect. The position of the subject of the joke is transmitted and perceived with its inherent specificity. Humor is an integral part of any linguistic culture, therefore, the study of this category as a kind of thesaurus in the representation of a separate linguistic personality and the communicative knowledge of society as a whole is relevant at the present time.*

*Keywords: humor, language turnover, humorous discourse, linguo-culture, cultural code, ethnostereotype.*

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)